



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

automated coding procedure to analyse the responses. As such, the problem of intercoder reliability was absent. Contrary to most studies in journal writing with limitations such as small sample size, non-continuous engagement in the task of writing journals or infrequent feedback given by teachers, we collected data from over 600 first-year applied science students. Furthermore, in this context, students engaged continuously in the task of journal writing and receive timely and regular feedback on their learning from their tutors. Though the provision of such continuous feedback may have created optimal conditions for enhancing students' awareness of how and what they have learned, this is not translated into better achievement on classroom performance and knowledge test grades.

Reference:

- 1 Alwis, W. A. M. [Pedagogical beliefs and institutional practices at Republic Polytechnic. Paper presented at the Keynote presentation at the 2nd international symposium on PBL: Reinventing PBL, Singapore, 2007].
- 2 Boud, D., Keogh, R., & Walker, D. [Reflection: Turning experience into learning. London: KoganPage, 1985.]
- 3 Chirema, K. D. [The use of reflective journals in the promotion of reflection and learning in postregistration Education Today, 27(3), 192–202, 2007.]
- 4 Cohen, J., & Cohen, P. [Applied multiple regression/correlation analysis for the behavioral sciences (2nd ed.). Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates. 1983].
- 5 Dewey, J. [How we think. Buffalo, NY: Prometheus Books (Originally published: Lexington, MA: D.C. Heath, 1991).
- 6 Flavell, John H. ["Metacognition and Cognitive Monitoring: A New Area of Cognitive-Developmental Inquiry." American Psychologist 34 (10): 906–11, 1979]
- 7 <https://psycnet.apa.org/doi/10.1037/0003-066X.34.10.906>
- 8 Gleaves, A., Walker, C., & Grey, J. [Using digital and paper diaries for assessment and learning purposes in higher education: A case of critical reflection or constrained compliance? Assessment and Evaluation in Higher Education, 33(3), 219–231, 2008].

ОӘЖ371

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ.

Досжанова Райхан Сейткалиевна
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 3 мектеп-гимназиясы» КММ;
Қостанай қ. Қазақстан
Досжанов Берик Габбасович
дене шынықтыру пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қ. Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі Қазақстан мектебіндегі білім беруге қоятын міндеттердің маңыздыларының бірі – жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға бағыттау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу өзекті мәселелердің шешу жолдары қамтылған. Қазақ тілі мен әдебиеті, дене шынықтыру сабақтарында ұлттық құндылық бағдар қалыптастырудағы мысалдар келтірілген. Мұғалімдер өздерінің іс – тәжірибесінен «Оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі маңыздылығы» тақырыбындағы жүргізілген жұмыстар туралы педагогикалық көзқарастарын, жүргізген жұмыстарын ұсынады.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, тәрбие, жас ұрпақ, патриотизм.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы патриотического воспитания и формирования чувства гражданственности подрастающего поколения, обосновывается важность воспитания молодого поколения с ориентировкой на национальные ценности, любви к своей Родине – Республики Казахстан, уважение государственных символов и национальной культуры в современных Казахских школах. Приведены примеры формирования национальных ценностей на уроках казахского языка и литературы, а также физической культуры. Учителя предоставляют свои педагогические взгляды и опыт работы по теме «Значимость национального воспитания у учеников школ».

Ключевые слова: национальные ценности, воспитание, молодое поколение, патриотизм.

Abstract

The article deals with the issues of patriotic education and the formation of a sense of citizenship of the younger generation, substantiates the importance of educating the younger generation with a focus on national values, love for their homeland – the Republic of Kazakhstan, respect for state symbols and national culture in modern Kazakhstani schools. The examples of the formation of national values on the lessons of the Kazakh language and literature, as well as physical culture are given. Teachers provide their pedagogical views and work experience on the topic "The Importance of National Education in School Students".

Key words: national values, education, young generation, patriotism.

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі білім беруге қоятын міндеттердің маңыздыларының бірі – жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға бағыттау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу.

Тәрбие үрдісі жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі болғандықтан, мәдениеттану тұрғыдан оқып үйренуге тура келеді. Олай болса, бұл үрдіс балаға ғасырлар бойық алыптасқан мәдени мұраны меңгертіп, сол арқылы осы заманғы мәдениетке енуіне мүмкіндік береді. Тәрбие бір ұрпақтың озық тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс, осы арқылы адамның дамуына басшылық жасалады. Нәтижелі жүйелі тәрбие жеке тұлғаны дамытады, адамның қоғамдағы орнын анықтайды. Баланың оны игеруі барынша қысқа мерзімде атқарылуы тиіс, сондықтан тәрбиеісі жалпы адамзаттық гуманистік бағытта жүргізіліп, жеке бастық рухани дамуына бағытталу керек.

Даму дегеніміз – ең алдымен, адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер. Бұл өзгерістер белгілі бір әлеуметтік орта жағдайында өтеді. Әлеуметтік көзқарастұрғысынан қарағанда тәрбие – қоғамбақылайтын және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып, бағыттайтын үрдіс. Қоғамның жаһанданған қазіргі және болашық өміріне қатысуға мақсаттылықпен даярлау ісі тәрбие арқылы жүзеге асырылады.

Мектеп оқушыларының жеке тұлға ретінде дамуына халықтық педагогиканың мұралары, ұлттық тәлім-тәрбие зор үлес қосады. Тәрбие үрдісінде халық педагогикасының тәлімдерін енгізу арқылы қаны да, жаны да таза, елін, жерін, тілін қастерлей алатын азамат дайындауға жол ашылады. Бүгінгі мектептің оқу-тәрбие үрдісіне халықтық педагогиканың тәлімдерін және әлемдік мәдениет құндылықтарын енгізу мәселелері көптеген ғалымдардың еңбектерінен орын алады. Осы құндылықтар жаһандану жағдайында мәдени қарым-қатынас және ұлттық тәлім-тәрбие құралы болмақ.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата – аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым – қатынастарынан көрінеді.

Халық ағарту жұмысын ілгері дамытудағы мұғалімдердің релін Ыбырай Алтынсарин былайша бағалады: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты, сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат керемін... Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы [1, 28 б.], – деп жазды.

Өздеріңізге өзіміздің тәжірибемізден «Оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі маңыздылығы» тақырыбындағы жүргізілген жұмыстар туралы педагогикалық көзқарасымызды, жүргізген жұмыстарымызды, әрекеттерімізді пайдасы тиер деген мақсатта жазып отырмыз. Ұлттық тәрбие – түйінді мәселелері көп, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, көп ізденуді талап ететін үрдіс деп баға бергіміз келеді. Ұлттық тәрбие беру бағытындағы жүргізілетін жұмыстың түрлерін шығармашылықпен түрлендіріп, дамыта отыра пайдалану өз нәтижесін берді.

Мектеп оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда төмендегідей міндеттердің жүзеге асыруы тиіс деп ойлаймыз:

- ✓ мектеп оқушыларына қазіргі уақыт талабына сай, қоғамымыздың саяси дамуына жауап беретін ұлттық құндылықтар жөніндегі таным-түсініктерінің жиынтығын меңгерту (білімдік, ақпараттық);
- ✓ оқушылардың өздерінде қалыптасқан дүниетанымдық қағидалар негізіндегі қоғамның әлеуметтік құндылық идеяларына бағытталған, ұлттық құндылық бағалауын қалыптастыру (қатынас, эмоциялық);
- ✓ мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды меңгеруінің нәтижесі ретіндегі оқушылардың әлеуметтік құнды біліктіліктерін қалыптастыру (әрекеттік).

Құндылық бағдар қалыптастыру мәселесін қарастыратын педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге және мектептің нормативтік құжаттары мен оқулықтарына сүйене келе, мектеп оқушыларының ұлттық құндылық бағдарының төмендегідей мазмұнын белгілейміз:

- Отан, Туған жер
- Мемлекеттік тіл
- Отбасы
- Салт, дәстүрлер
- Ел рәміздері
- Тарихи тұлғалар құндылығы.

Сондай-ақ мектепте бұл жұмысты жүзеге асырудың төмендегідей мүмкіндіктері айқындалды:

- ✓ қазақ тілі мен әдебиеті, дене шынықтыру сабақтарындағы ұлттық құндылықтарға бағыттап отыратын әдіс-тәсілдерді тандап, талғап пайдалану;
- ✓ арнайы факультатив курсы жүргізу;
- ✓ сыныптан тыс жұмыстарды жетілдіру;

Бала белгілі бір заттың немесе құбылыстың құнды қасиеттерін білмеуі және оны пайдаланбауы мүмкін. Мұндай жағдайда ол оған құндылық болып табылмайды. Сондықтан тұлғаны құндылықтарға бағыттауда ақпараттық қызметтің рөлі зор. Құндылық бағдар беру құндылықтардың қасиетін, сипатын ашқан кезде жүзеге асады. Балалардың жасқа байланысты ерекшеліктері олардың барлық іс-әрекетінен – оқу, ойын, қарым-қатынас, еңбек – көрініс тауып отырады. Ал құндылық бағдар іс-әрекеттің құрылымына тікелей байланысты [2, 420 б.]. Біз педагогикалық теориядағы іс-әрекеттік қатынас қағидаларына сүйене отырып, мектеп жасындағы оқушылардың құндылық аясының дамуын ең алдымен осы іс-әрекеттер барысында жүзеге асыруды қарастырамыз.

Біз төменде соның ішінде ұлттық құндылық бағдар беретін ақпараттары ауқымды келетін қазақтілін және дене шынықтыру пәндерін зерделеу арқылы осы пәндердің ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыруға тырыстық. «Сурет 1»



«Сурет 1»

Білім алумен қатар, ұлттық құндылықтар туралы ақпаратты бойына сіңірген оқушы-тұлға ғана өз елі мен жерін, тілі мен дінін қорғауға жауапты екендігін жан дүниесімен сезіне алады.

Қазіргі жаңа технология заманында оқушыларды қызықтырып, асық, бес тас ойнаңдар деп айту өте қиын іс екені анық. Сондықтан білім берудің жаңа технологиясын пайдаланып, дене тәрбиесі пәнін

жаңа технологиялық әдіспен оқушылардың жас ерекшеліктеріне, денсаулықтарына байланысты, ұлттық ойындарды, спорттық ойын түрлерін, сабақтың мазмұнына қарай іріктеп алып, пайдалануға болады. Қазақтың ұлттық ойындары – атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып келе жатқан асыл қазына. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Қазақтың ұлттық ойындарының түрі өте көп. Ғалым-зерттеушілер мынадай бес түрге бөліп, ұлттық ойын түрлерін әр топқа жіктейді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. «Сурет 2»



«Сурет 2» Ұлттық ойындарды жүйелеу, топтау.

Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру ойнату әдісі деп қарамағаны анық. Жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған. Қазақтың ұлттық ойындарын оқыту процесінде қолдану мұғалімнің әдіскерлігіне байланысты. Балаларды демалдыру, сергіту мақсатында ұлттық ойын түрлерін қолдануға да болады. Ойнау, ойнату арқылы баланың ақыл-ойы кеңейеді, тілі дамиды, сөздік қоры байиды, зерек болады және денсаулығы нығаяды. Ойынды сабақта қолдану – оқушының ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын оқушының бойына сіңіріп, ұлтжандылыққа тәрбиелеудің бірден-бір құралы [4, 29-30 б.].

Мектепте оқыған алғашқы жылдардан бастап балаларға өз елінің тарихынан, ұлы адамдар өмірінен, қазақ батырларының қаһармандық істерінен хабар беріп отыру олардың отансүйіштік түсініктерінің негізін салады. Сонымен қатар өнегелі адамдардың өмірі мен шығармашылығын, ел мүддесіне жасаған қызметтерін талдау арқылы болашақ ұрпағымызды елжандылық сезімдеріне баулимыз.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағынасы қызғылықты әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік рөлі ерекше болғандығы күмән туғызбайды.

Қазақ балаларын оқып білім алуға шақырған үндеуін «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдері арқылы жеткізді. Ыбырай Алтынсарин өзінің белгілі шығармасы «Қазақ хрестоматиясында» (Орынбор, 1879 жыл) «Сөзбасы» деген атпен бастырды. Демек, бұл өлеңінде қазақ жастарын автор оқып білім алуға үгіттеді, өткір тілмен, майда сөзбен үндеу ретінде жазды. «Балғожа бидің баласына жазған хаты» сол «Қазақ хрестоматиясының» ішінде «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаты» бөлімінде басылған өлеңінде балаларға оқудың маңызын ұғындырды [3, 1т.320б.].

«Шеше мен бала» деген Ы. Алтынсариннің өлеңінің бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық, психологиялық маңызы өте зор. Бұл өлеңдері жасөспірім балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, өнегелі болуға тәрбиелейді. Орыс классиктерінің де (М.Ю. Лермонтов, Некрасов т.б) шығармаларында да осы сарында жазылған өлеңдер жиі кездесетіндігі жұртшылыққа мәлім. Мәселен, «Бәріміз бір адамның баласымыз», «Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен», «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға», «Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған», «Ағайын жат болады алыс болса», «Асылы залымдардың лайланды», «Әй достарым!», «Әй, жігіттер!», «Азған елдің хандары», «Азған елдің қожасы», «Азған елдің молдасы», «Азған елдің билері», «Азған елдің байлары», «Береке кеткен елдерде», «Азған елдің адамына» деген өлеңдері жастарға айтқан өсиеті. Бұл өлеңін Ы. Алтынсарин «Бәріміз бір адамның баласымыз» деп бастағанда, ол қазақ жастарының ынтымақшыл бірлікте болуға шақырғандығын көреміз. Осы өлеңдерінде автор халық әдебиеті мұрасының негізінде ұлттық тәрбие діңгегі ата-бабалардың рухани мұраларының сабақтастығын сақтаудағы тәрбиенің бір жолы қазақтың халық әдебиеті арқылы дамытуды көздегендігі сезіледі.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Төкаппаршылық» т.б.

бұл әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз.

Ол өзінің «Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зирек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зиректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерде де автор білімді дәріптеді. Бірсыпыра әңгімелерінде жастарды еңбек сүйгіш болуға, ұқыптылыққа дағдылануға шақырады. Бұл тақырыпқа арналған әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» тағы басқа шығармаларынан көруге болады.

Үй салу, егін кәсібімен шұғылдану, т.б. халқымыздың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін ұлттық тұрмыс-салтын жастарға дәріптеу ниетінде Ыбырай Алтынсарин бірнеше әңгімелер жазды. Әсіресе, «Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде, автор қазақ жастарына көшпелі өмірден отырықшылық тұрмыспен айналысу, жер кәсібімен шұғылдану заман талабы екендігін сездірсе, «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан әнін», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде, автор сол кезде қазақ жастарына, тұрмыс тіршілікке бейімделуге шақырған нақты мысалын көреміз [5, 162 б.].

Балаларға арналған шағын әңгімелерін жазуда, ол орыс жазушыларының (Крылов, Толстой т.б.), орыс педагогтерінің (Ушинский. Паульсон) шығармаларын үлгі етті, немесе солардың кейбір қызғылықты әңгімелерін қазақ тіліне аударды, аударғанда оны қазақ балаларының мінез-құлқына қазақтың ұлттық тәрбиесіне сәйкестіріп, өзгерте аударды. Ол орыс жазушыларының әңгімелерін сөзбе-сөз аударған жоқ, мағынасына да, сөз құрылысына да өзгерістер енгізіп аударды. Ол өзінің балаларға арнаған әңгімелерінде қазақ балаларының халқының ұлттық мүддесін көздейтін елжанды патриот жастарды тәрбиелеуді көздеді. Оның жазған мысал әңгімелері күні бүгінге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жойған жоқ.

Ұлы ағартушының шығармаларына тән нәрсе – еңбекқорлыққа, Отанын сүйуге, білімді болуға, шыншыл әділетті болып өсуге баулитын тәрбие мәселесі.

Қорыта келе, мектеп оқушыларының өз халқының ұлттық құндылықтарын саналы түрде түсініп, қабылдауына, салт, дәстүрлерін қадір тұтып, елін сүйетін, рухы жоғары, патриоттық, ұлттық құндылық бағдары анықталған азамат болып жетілуіне мектептегі ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру міндетіне үйлесетін оқыту әдістерін таңдау, мазмұнды сұрыптау әдістемесін жетілдірудің маңызы зор деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы:1955. – 413 б.
- 2 Ұзақбаева С. А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: пед. ғыл. докт...дисс,- Алматы, 1993. – 420 б.
- 3 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы: Рауан, 1994- 1т.320 б.
- 4 Құланова Қ.Қ., Алпыспаев Н.С. «Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды қолданудың өзекті мәселелері». Астана. 2016.- 29-30 бб.
- 5 Алтынсарин Ыбырай. Кел, балалар оқылық: өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. Алматы: Атамұра, 2006. – 162 б.